


*Әр елдің салты басқа!*



*ҚАЗАҚСТАН*



Қазақтарға дәстүрлі қонақжайлылық қасиет ежелден тән. Олардың бұл қасиеті көптеген ғасырлар барысында қалыптасқан. Бұл жөнінде XIX ғасырдың аяқ кезінде Ресей зерттеушісі Виктор фон Герн былай деп жазған болатын: «Жалпы алғанда, қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайылық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет».

Үйге келген қонақ оларда әрқашан үй иесінің қамқорлығы мен қорғауында болады. XIX ғасырда Қазақстанда болып, оны зерттеген неміс зерттеушілерінің бірі Ф. фон Хелльвальд та былай деп жазды: «Қырғыз-қайсақтар барынша қонақжай мейірімді болып келеді. Олардың киіз үйіне кіріп жайғасқан кез келген жатжерлік адамның өзімді біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз уйықтай беруіне әбден



# Ўзбекистан



### *Шаруашылығы[өңдеу]*

*Өзбектердің дәстүрлі кәсібі — егіншілік, сауда және ұсталық. Ірі қалаларда сауда, ұстаханалар, үлкен ауылды жерлерде қолөнер, ұсталықтың әр түрі (тігіншілік, зергерлік, тері илеу, сабын жасау, нан басу, тәтті шығару, т.б.) дамыды.*

### *Отбасылық ғұрыптары[өңдеу]*

*Жартылай көшпелі өзбектер туыстық жағдайды қатаң сақтаған. Қазіргі отбасылары шағын, бірақ та ұлдары үйленген соң әке үйі қасына таяу орнығады (бір-біріне көмектесіп тұру үшін), қарашаңырақта кіші баласы қалады. Әйелдер қоғамдық өмірге көп араласпайды.*

### *Киім-кешектері[өңдеу]*

*Ерлер жейде, шапан; әйелдер слан матадан тігілген көйлек, шапан киді. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында белге дейін келетін камзол да киген. Бас киім ерлерде – тақия, жүн қалпақ, әйелдерде – орамал. Дәстүрлі аяқ киімі – тері етік, табаны жұмсақ мәсі, сыртынан галош киеді.*

*Әйелдер мен қыздар бірінші баласы туғанша шаштарын көрсетпей ұсақ етіп өріп қояды (кейде 40 жасқа дейін), егде әйелдер екі бұрымнан өреді.*

### *Тағамдары[өңдеу]*

*Өзбектердің негізгі тағамы өсімдік, сүт және сүт өнімдерінен жасалады. Сүйікті асы — палау. Басты сусыны шай, көбіне көк шай.*



# ТАҶИҚСТАН





*Тәжікстан Республикасы (тәжікше Чумхурии Тоҷикистон)*  
— *Орталық Азиядағы мемлекет. Оңт-нде Ауғанстанмен,  
солүстік мен батысында Өзбекстанмен,  
солтүстігінде Қырғызстанмен,  
шығысында Қытаймен шектеседі. Жер аумағы – 143,1 мың  
км<sup>2</sup>. Халқы – 6,579 миллион (2001). Халқының 62%-  
ын тәжіктер, 23%-ын өзбектер, 5%-ын орыстар, қалған 10%-  
ын түрікмендер, қазақтар, қырғыздар, корейлер, немістер, т.б.  
құрайды. Астанасы — Душанбе қаласы (608 мың адам) (2000).  
Ресми тілі – тәжік тілі. 1994 жылы қабылданған  
Конституциясы бойынша – президенттік басқару  
нысанындағы зайырлы мемлекет. Заң шығарушы  
органы – меджлис. Тәжікстан құрамына Таулы Бадахшан  
автономиялы облысы (жер аумағы – 63,7 мың км<sup>2</sup>; халқы – 167  
мың (2000); әкімшілік орталығы – Хорог қаласы) кіреді.  
Тәжікстан әкімшілік жағынан 3 облысқа бөлінеді. Ақша  
бірлігі – сомони.*



*азербайджан*



## *Ұлттық мейрамдар[өңдеу]*

*Әзірбайжан — бұл ұлттық дәстүрлерді сақтап, оларға құрметпен қарайтын ел. Бұрынғыдай айлық күнтізбе бойынша мейрамдар тойланады, атаулы күндер – Құрбан байрам (құрбандық шалу мейрамы Оручлуг), Рамазан байрам – оразадан кейінгі мейрам.<sup>[2]</sup>*

*Новруз-байрам (Наурыз-мейрамы) — халық арасындағы Жаңа жыл мен көктемді тойлаудың ең ежелгі және құрметті мейрамы. Оны көктемгі күн мен түннің теңелген күні 21-22 наурызда тойлайды. Наурыз – табиғаттың жандануының белгісі, құнарлылықтың белгісі. Наурызға дайындық ертеден басталады. Үйлер көркейтіліп, ағаш отырғызылады, жаңа ңиім тігіледі, жұмысқалар боялады, тәтті-дәмділер мен ұлттық тағамдар дайындалады. Мейіз немесе жаңзақ қосылған бидай – говурму қуырылады. Әрбір үйде міндетті түрде үстел үстінде бидай тұқымынан әдейі өсірілген жасыл өскіндер тұрады, мейрамға дейін төрт апта бойы сейсенбі сайын от жағылып, олардың үстінен балар секіреді, майшамдар жағылады. Мейрамның алдында туған-туыстар мен жақын-жуықтардың зираттарына барады. Наурыз – отбасылық мейрам. Мейрам күні кешке барлығы отбасылық ошақ басында жиналады. Жаңа жыл бай және жемісті болу үшін үстелге көптеген әр түрлі тағамдар қойылады. Мейрам 3 күнге созылады және көпшіліктің серуенімен аяқталады. Адамдар ұлттық киімдерді киіп, халық әндері мен билерін орындайды, спорттың ұлттық түрлері бойынша жарыстар өткізіледі.*



Назарларыңызға рахмет!

